

Аяғоз

жаңалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 34 (10928)

31 тамыз 2024 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



қара алтын өндірісі бүгінде мұнайлы аймақтың ата кәсібіне айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұнай мен газды еліміздің стратегиялық ресурсы әрі мемлекет экономикасының тірегі деп атады. Бұл ретте мұнайшылардың еңбегін жоғары бағалады.

– Қазір осы салада 250 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Мұнай-газ өнеркәсібі заманға сай дамып келеді. Өндіріске инновациялық технологиялар енгізіліп жатыр. Экологияны сақтауға арналған жаңа стандарттар қалыптасты. Қазақстанда мұнай өндірумен қатар, оны өңдеу жұмысы жолға қойылған. Негізгі жанар-жағармай өнімдерінің көбі өз елімізден шығады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы бұл жұмысқа зор үлес қосып келе жатыр. Қазақстан әлемдік мұнай нарығында басты рөл атқаратын елдердің біріне айналды. Дүние жүзіне белгілі брендіміз бар. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі нығая түсті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Chevron, ExxonMobil, CNPC, Eni, Shell, ЛУКОЙЛ, Total және Sinorec сияқты жетекші әлемдік мұнай-газ корпорациялары елімізде аталған саланы дамытуға ерекше ықпал етіп отыр.

– Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарын игеру, Каспий құбыр желісі консорциумы жобасын іске асыру – мемлекет пен инвесторлар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Қазақстан бұл салада ашық және жан-жақты ойластырылған саясат жүргізу арқылы жаһандық экономикаға дендеп еніп, үлкен көлемде инвестиция тартып жатыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы энергетика саласының түбегейлі өзгергеніне, логистика, экология мәселелерінің маңызы артқанына назар аударып, бұл секторда алдағы уақытта атқарылуға тиіс бірқатар міндетке тоқталды.

– Ғылыми-технологиялық прогресс әлемдік мұнай-газ саласын дамытуда айрықша рөл атқарады. Мұнай өндіру көлемі тұрақты өсуі үшін геологиялық барлау және кен орындарын игеру ісіне озық технологияларды белсенді түрде енгізу қажет. Бұрын-соңды болмаған халықаралық тұрақсыздық жағдайында экспорттық бағыттарды одан әрі әртараптандыру – басты міндет. Мұнай өңдеу секторын дамыту маңызды. Заманауи экологиялық стандарттарға сай мұнай өнімдерінің тұрақты өндірісін қамтамасыз ету керек. Мұнай-газ химиясының да келешегі зор, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жақында Атырауда полипропилен зауыты іске қосылғанына тоқталып, осы саладағы басқа да жобаларды уақтылы жүзеге асыру қажет екенін атап өтті.

– Біз өңделу деңгейі жоғары өнім шығару мүмкіндігімізді еселей түсуіміз керек. Мұнай-газ – еліміздегі орта бизнесті дамыту тетіктерінің біріне айналуда тиіс. Бұл – ауқымы кең сала. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет кешенді шаралар қабылдап жатыр. Аталған секторда қызмет ететін ірі кәсіпорындар отандық кәсіпкерлердің өнімдерін өз қажетіне жаратуға басымдық бере отырып, жергілікті үлесті кезең-кезеңімен арттыра беруі қажет. Әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымның дамуына қомақты үлес қосу – негізгі міндет. Білікті мамандар даярлауға баса мән беру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында Президент мұнай-газ саласында өнімді еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосқан бірқатар азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Іс-шарада «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының зертханашысы Алмагүл Қошқарова, мұнай-газ саласының ардагері Майлыбай Өтебаев, «Каспий құбыр консорциумы-К» акционерлік қоғамының «Атырау» мұнай айдау станциясының жетекші инженері Александр Ерёмин сөз сөйледі.

AKORDA.KZ

Президент Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға қатысып, сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл датаның айтулы белес екенін атап өтіп, сала қызметкерлерін құттықтады.

– Бәріңізге мәлім, қазақ мұнайы ғасырлар тоғысында алғаш рет Атырау аймағынан алынды. Содан бері бұл сала ел экономикасында айрықша рөл атқарып келеді. Халқымыз да мұнайды «қара алтын» деп атайды. Дүние жүзінің өркендеу жолы энергетика ресурстарымен тығыз байланысты болды. Ғылым мен технологияның дамуына қуат көздері ерекше ықпал етті. Осы үрдіске қазақ жеріндегі қара алтын өндірісі де мол үлес қосқаны сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мұнай өнеркәсібі өз тарихы мен дәстүрі бар сала екеніне тоқталып, оның қалыптасып, дамуына елімізге белгілі тұлғалар зор еңбек сіңіргенін жеткізді.

– Геологтарымыз көптеген кен орнын ашты. Сафи Өтебаев, Жолдасқали Досмұхамбетов, Бөлекбай Сағынғалиев бастаған мамандар кеніштерді ел игілігіне жаратты. Олардың тағалымды еңбек жолы әрдайым жас ұрпаққа үлгі болары анық. Аға буынның өнегелі ісін кейінгі ұрпақ лайықты жалғастыруда. Бұл салада тұтас еңбек династиялары бар, яғни,

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТА ТӨРАҒАСЫ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жоғары аудиторлық палатаның биылғы II тоқсандағы жұмысының қорытындылары таныстырылды. Атап айтқанда, теміржолға баса назар аударып отырып, көлік саласына, сондай-ақ Абай, Жетісу, Ұлытау, Алматы облыстарының бюджеттеріне және қазақстандықтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесіне аудит жүргізілген. Жалпы сомасы 2,9 триллион теңгеден астам қаржыны құрайтын 73 нысан тексерілген. Нәтижесінде 39 миллиард теңгеден астам қаражаттың заңсыз жұмсалғаны анықталған.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, кемшіліктерді жою үшін көлік саласын дамыту, бюджеттік-инвестициялық жобаларды іске асыру, отандық фармацевтика өнімдерін өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау тетігін қайта қарау жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Президентке мемлекеттік аудит жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстар топтамасы

таныстырылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына биыл екінші жартыжылдықта жүргізілетін аудиторлық іс-шаралар туралы баяндалды. Тексеру жұмыстары Назарбаев Университеті және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметін, сот жүйесін, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы, өңдеу өнеркәсібіндегі және құрылыстағы жекелеген бағыттарды қамтиды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылуын мүлтіксіз бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ жалпы мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыруға ерекше мән беру керек екенін айтты.

AKORDA.KZ



КОНСТИТУЦИЯ
КҮНІМЕН!
С ДНЕМ
КОНСТИТУЦИИ!

ҚҰРМЕТТІ АУДАҢ ТҰРҒЫҢДАРЫ! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Қоғамымыздың өркендеуінің негізі, азаматтығымыздың айшықты айғағы болған Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен Сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Ата заңымызға деген ерекше құрмет біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі. Бірлігі жарасқан Қазақ Елі аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған күшті мемлекетке айналды. Бүгінгі таңда еліміз саяси және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізді. Осы бағыттағы даму үрдісіне Аяғөз өңірі де белсенді үлес қосып келеді.

Жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналған Конституция күнімен тағы да құттықтай отырып мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін.

Аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш, еліміз аман болсын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, Қазақстан Республикасы дамып, нығая берсін!

Ізгі ниетпен: Аяғөз ауданының әкімі: Әділбай Қанат Серікқанұлы
Аудандық мәслихат төрағасы: Ибрайшин Архат Әлімғазыұлы



Алғыс Айтты!

Аягөз АГБ ЖПКБ УПИ
полиция майоры, өз қызметінің
нағыз маманы

**Тоқуров Аслан
Мырзаханұлына**
қызметіне табыс, бақыт пен
зор денсаулық тілей отырып,
алғыс айтамын! Осындай
азаматтардың полицияда
көбейе беруін тілеймін.
(2020 ж. машина сатуда
қателік жіберіп, жыл сайын
налог төледім. Осы мәселені
15.08.2024 ж. бір күнде шешіп
берді.

**Юмашев Н.Н.
26.08.2024 жыл**



ВНИМАНИЕ г. АЯГӨЗ

Уважаемые жители г. Аягөз!

21.09.2024 до 17:00 в оптике

по адресу ул. Ақтамберди, 23

(рядом с автозапчастями Молдир),

врач-офтальмолог из клиники

ТОО "Astana Vision Semey"

проведёт диагностический

прием.

Взрослый приём с 16 лет - 7.000 тг

Пенсионерам - 5.000 тг

По направлению **БЕСПЛАТНО**

Прием по записи!

+7 (775) 720 69 64 av_semey



Врач-офтальмолог,
рефракционный
и лазерный хирург

ТОКТАРОВ А. Д.

ҚАЙҒЫРА КӨҢІЛАЙТАМЫЗ

Денсаулық – кез-келген адам үшін баға жетпес байлық! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Әр адам дүниеге есігін ашқан сәттен бастап, оның денінің саулығы мен амандығына ақ халатты абзал жандарымыз жауапты. Дәрігер – мамандықтың асылы.

Аягөз ауданының денсаулық сақтау саласында елеулі еңбек етіп ел құрметіне бөленген **Жұмаханов Жанат Жұмағалиұлы** өмірден өтті.

Ол Алматы қаласындағы Медициналық институтты тәмамдағаннан кейін Үржар ауданында, кейіннен Аягөз қаласындағы тіс емханасына келіп, өз мамандығы бойынша қалың жұрттың игілігі жолында еңбек етіп, өзінің кәсіби деңгейі жоғары дәрігер екенін көрсете білген маман болатын. Кейіннен «Стоматолог» ЖШС емханасын ашып, негізін қалаушы болды. Аз уақыт аралығында осы емхананы жоғарғы санаттағы емдеу орталығына айналдырып, білікті еңбек ұжымын құрды. Осы қажырлы еңбегінің арқасында «Қазақстан стоматологиясының еңбек сіңірген стоматологі», «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» атақтарымен марапатталды. Осы республикаға сіңірген елеулі еңбегін ескере отырып, «Даңқ», «Шапағат», «Қазақстан Республикасының экономика мақтанышы» ордендері және даталы күндерге арналған медальдармен марапатталды.

Стоматология саласында аудан халқына қызмет атқарған Жанат Жұмағалиұлының жарқын бейнесін ешқашан ұмытпаймыз. Жарық дүниемен қош айтысқан Жанат Жұмағалиұлының отбасы, ұлы Біржан Жанатұлына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

**АЯГӨЗ АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ Ш.ОМАРОВ
КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ**

Аягөз ауданының денсаулық сақтау саласында елеулі еңбек етіп ел құрметіне бөленген **Жұмаханов Жанат Жұмағалиұлы** өмірден өтті.

Ол Алматы қаласындағы Медициналық институтты тәмамдағаннан кейін Үржар ауданында, кейіннен Аягөз қаласындағы тіс емханасына келіп, өз мамандығы бойынша қалың жұрттың игілігі жолында еңбек етіп, өзінің кәсіби деңгейі жоғары дәрігер екенін көрсете білген маман болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Стоматолог» ЖШС емханасын ашып, негізін қалаушы болды. Аз уақыт аралығында осы емхананы жоғарғы санаттағы емдеу орталығына айналдырып, білікті еңбек ұжымын құрды. Осы қажырлы еңбегінің арқасында «Қазақстан стоматологиясының еңбек сіңірген стоматологі», «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» атақтарымен марапатталды. Осы республикаға сіңірген елеулі еңбегін ескере отырып, «Даңқ», «Шапағат», «Қазақстан Республикасының экономика мақтанышы» ордендері және даталы күндерге арналған медальдармен марапатталды.

Тіс емдеу саласында аудан халқына қызмет атқарған Жанат Жұмағалиұлының жарқын бейнесін ешқашан ұмытпаймыз. Жарық дүниемен қош айтысқан Жанат Жұмағалиұлының отбасы, ұлы Біржан Жанатұлына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

«ҚАЗЫҒҰЛ» ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІНІҢ ДИРЕКТОРЫ М.ШАПИЕВ

«СТОМАТОЛОГ» ЖШС ҰЖЫМЫ.

Аудандық ақсақалдар алқасының мүшесі, еңбегімен ел құрметіне бөленген ардақты ақсақал **Тәнікбаев Советбай Жәкежанұлы** және «Қазақстан стоматологиясының еңбек сіңірген стоматологі», «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» **Жұмаханов Жанат Жұмағалиұлы** өмірден өтті. Қазаға орай марқұмдардың отбасына, туған-туыстарына, жақын – жұрағаттарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Жандары жәннәттә, имандары саламат болсын.

*«Аягөз жаңалықтары» газетінің бас редакторы,
Аягөз аудандық Мәслихатының депутаты Ермек Дайырбай.
Редакция ұжымы.*

ХАБАРЛАНДЫРУ

09.09.2024 жылдан бастап 13.09.2024 жыл аралығы бес жұмыс күні ішінде «Ақтоғай бекетіндегі №13 тиеу-түсіру жолын қайта жөндеу» жұмыс жобасына жария талқылаулар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдаулар.

Жобалық құжаттамен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Алматинское отделение магистральной сети» НК КТЖ АҚ, БИН 011241003583, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы, 127 ғимараты 4, Тел.: +7 (727) 296-45-05

Жергілікті атқарушы орган – «Абай ауданының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, prigodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, Семей қаласы, Турлыханов көшесі, №30, тел: 8 (7222) 35-44-32.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений в течение пяти рабочих дней с 09.09.2024 года по 13.09.2024 года к рабочему проекту «Реконструкция погрузочно-выгрузочного пути №13 на станции Ақтоғай».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – Филиал АО НК КТЖ «Алматинское отделение магистральной сети», БИН 011241003583, г.Алматы, пр. Н. Назарбаева 127, Тел.: +7 (727) 296-45-05

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай»: prigodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, г.Семей, ул.Турлыханова, № 30, тел: 8 (7222) 35-44-32

«Аягөз жаңалықтары»
аудандық газеті» ЖШС

**Директор -
Бас редактор
Е.Дайырбаев**

Газеттегі
авторлық пікірлер
редакциянікімен
сөйкес келмеуі
мүмкін



Телефондар:

Жауапты хатшы:
3-22-01

e-mail:
ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Ақпарат комитеті 2021 жылы
4 ақпанда берген тіркеу куәлік
№ KZ44VPY00032023
Газет алтасына 1 рет шығады
2 А2 форматына (420x595 мм)
теңестірілген 3 баспа табақ

Газет «Рекламный Дайджест»
ЖШС баспаханасында
басылды. 070002. Өскемен қ.,

Таралымы 1300 дана.
Тапсырыс № 0249

Уәкілетті орган:
«Аягөз ауданының ішкі саясат,
мәдениет, тілдерді дамыту және
спорт бөлімі» ММ

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы,
Х.Дүйсенов, 104.